

"Мүгедектігі бар балалар қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу тәртібін және мөлшерін айқындау туралы" Степногорск қалалық мәслихатының 2014 жылғы 22 қазандағы № 5С-32/8 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Ақмола облысы Степногорск қалалық мәслихатының 2023 жылғы 28 қыркүйектегі № 8С-6/8 шешімі. Ақмола облысының Эдiлет департаментінде 2023 жылғы 12 қазанда № 8631-03 болып тіркелді

Степногорск қалалық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Мүгедектігі бар балалар қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу тәртібін және мөлшерін айқындау туралы" Степногорск қалалық мәслихатының 2014 жылғы 22 қазандағы № 5С-32/8 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4444 болып тіркелген) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

кіріспе жаңа редакцияда жазылсын:

""Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабына сәйкес Степногорск қалалық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:";

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес мүгедектігі бар балалар қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу тәртібі және мөлшері айқындалсын.";

көрсетілген шешімнің қосымшасында:

тақырып жаңа редакцияда жазылсын:

"Мүгедектігі бар балалар қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу тәртібі және мөлшері";

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы мүгедектігі бар балалар қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу тәртібі және мөлшері Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2021 жылғы 25 наурыздағы № 84 "Әлеуметтік-енбек саласында мемлекеттік қызметтерді көрсетудің кейбір мәселелері туралы" бүйріғымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22394 болып тіркелген) "Мүгедектігі бар балаларды үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларына (бұдан әрі – Шығындарды өтеу қағидалары) сәйкес әзірленді.";

орыс тіліндегі шешімнің 2-тармағына өзгерістер енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

4-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"4. Оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу өтініш берілген айдан бастап мүгедектігі бар баланы үйде оқыту фактісін растайтын оқу орнынан анықтамада көрсетілген мерзім аяқталған айға дейін жүргізіледі.";

6-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"6. Оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу үшін өтініш беруші уәкілетті органға "Азаматтарға арналған ұқімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы немесе "электрондық ұқімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал ) арқылы Шығындарды өтеу қағидаларының 3-қосымшасына сәйкес "Мүгедектігі бар балаларды үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінде көрсетілген құжаттарды қоса Шығындарды өтеу қағидаларының 1 немесе 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтінішпен жүгінеді.

Өтініш беруші оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу бойынша төлемді тағайындау үшін портал арқылы жүгінген кезде ұсынылған мәліметтерді растау және Шығындарды өтеу қағидаларының 2-қосымшасына сәйкес өтініш нысанында көзделген қажетті мәліметтерді алу үшін мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың ақпараттық жүйелеріне сұрау салуды өтініш берушінің өзі жүзеге асырады.";

7-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"7. Оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу мөлшері, ай сайын әр мүгедектігі бар балаға үш айлық есептік көрсеткішке тең.".

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі.

Степногорск қалалық мәслихатының төрағасы

O.Джагпаров